

«Жыланбұзған» жалпы білім беретін мектеп» КММ

ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ



2023-2024 оқу жыл

Педагог - психологтардың жылдық есебі

Мектеп 2023-2024 оқу жылында педагог-психологтың тұлғаның жеке және жас ерекшеліктерін, сондай – ақ тұлғааралық өзара әрекет ерекшеліктерін зерттеу бойынша жұмыстар жүргізілді, жылдық жоспар жоспарланып, бекітілді.

Мектепте педагог-психолог 5 бағыт бойынша жұмыс жүргізеді:

1. Психодиагностикалық бағыт
2. Консультациялық бағыт
3. Ағартушылық-профилактикалық бағыт
4. Түзету – дамытушылық бағыт
5. Әлеуметтік-диспетчерлік бағыт

Бастауыш сынып оқушыларының мектепке деген бейімділігін анықтау үшін оқушыларымен психодиагностикалық жұмыс жүргізілді.

Жұмыстың мақсаты: Бейімделу себептерін алдын алу

Психодиагностикалық жұмысқа қатысқан оқушылар саны: 1 «Ә» 21, 1 «А»-20, 1 «Б» -16.

Мектепалды тобындағылардың мектепте оқытуға даярлығын анықтау (Йирасек –Керин) балалардың көрнекті – логикалық дамуын анықтау және түстерді, формаларды, мөлшерді байқау және қабылдау қабілетін зерттеу, логикалық ойлаудың дамуы анықталды.



Психодиагностикалық бағыт

Қыркүйек айынан қаңтар айына дейін психодиагностика бағыты бойынша 5-11 сынып оқушыларынан түрлі сауалнама тесттер жүргізілді. Жыл басында 1-11 сыныптар зерттеленіп, барлық сыныптарға мінездеме карта толығымен толтырылды.

Таным процестері	1 ^о -сынып 21 оқушы	%	1 ^а -сынып 21- оқушы	%	1 «б» 16- оқушы	%
Өте жақсы	5	29,4%	4	23,5%	4	25%

Жаксы	7	35%	8	35%	4	25%
Орта	8	23,5%	8	35%	6	32,5%
Ортадан төмен	1	5,8%	1	5,8%	1	6,25%
Өте төмен	0	0	0	0%	1	6,25%

Зерттеу жұмысының қорытындысы сынып жетекшілері мен ата-аналарға таныстырылып, төмендегідей ұсыныс берілді:

1. Таным процестерді дамыту үшін мұғалім сабақ үстінде ойындар мен ойын жаттығуларын қолдану қажет.

3. Оқушылармен сыныпта жайлы психологиялық қарым-қатынас құру, балаларға қамқорлықпен қарау, педагогика-психологияға бағытталған психодиагностикалық жұмыс жүргізілді.

Жұмыстың тақырыбы: «Сандар қатары» әдістемесі

Жұмыстың мақсаты: Баланың еске сақтау қабілетін зерттеу, логикалық ойлауының көрініс беруін, қарапайым математикалық білімін тексеру.

Психодиагностикаға қатысқан бала: 3а-21, 3б-20 оқушы

Таным процестері	3 а-сынып 21- оқушы	%	3 ^б -сынып 18-оқушы	%
Жоғары 8-10	4 оқушы	19%	4 оқушы	22,2%
Орта 5-7	13 оқушы	61,9%	10 оқушы	55,5%
Төмен 3-4	3 оқушы	14,2%	3 оқушы	16,6%
Өте төмен 1-2	1 оқушы	4,7%	1 оқушы	5,5%

Қорытынды: Таным процесі төмен оқушылар, өз бетінше белсенділік көрсете алмайды. Сөзді бірнеше қайталағанда ғана есте сақтады, тіл байлығы жақсы дамымаған, зейін қоюы нашар, кейде ойын толық жеткізе алмады. Зерттеу жұмысының қорытындысы сынып жетекшілері мен ата-аналарға таныстырылып, төмендегідей ұсыныс берілді:

1. Түзету-дамыту жұмыстарын жандандыру

2. Таным процестерді дамыту үшін сабақ үстінде түрлі ойындар мен ойын жаттығуларын қолдану қажет.

3. Оқушылармен сыныпта жайлы психологиялық қарым-қатынас құру, балаларға қамқорлықпен қарау.

Тәрбиесі қиын балаларды анықтау мақсатында мұғалімдерден сауалнама алынды. Сауалнама мектеп тәрбие - ісі жөніндегі орынбасары

А. Тунгушбаева, психолог М. Адиловамен талқыланды. Сауалнаманың нәтижесінде мектепшілік қиынға бейім оқушылар анықталмады. Жыл басында аутодеструктивті мінез-құлықты анықтау мақсатында 5-11 сынып оқушыларынан «Аяқталмаған сөйлем» әдістемесі алынды. Нәтижесінде қатысқан оқушы саны - 161. Сол 161 оқушы ішінде ешқандай жағымсыз жауаптар байқалмады. Барлық оқушылардың жауаптары қанағаттанарлық.

4 «А», 4 «Б» сыныптар арасында дарынды оқушылармен «Штур» тесті алынды. «Штур» тестінің нәтижесі бойынша 4 «А», 4 «Б» сынып оқушыларының дарынды интеллектуалдық даму деңгейі жалпы жақсы көрсеткішті көрсетті. Үйде оқылатынын оқушылармен түзету-дамыту, жұмыстары кеңес беру «Фигураны есте сақтау, суретін салу» зейінді дамытуға арналған жаттығу жүргізілді. **Максаты:** Көру зейінін дамыту «Бес терек» жобасы аясында №1 Нұсқаулықтың сауалнамасы бойынша 5-11 сынып оқушылардан жасөспірімдер арасында тұлғалық және әлеуметтік дағдыларды зерттеу, оқушылардың эмоциялық сферасын, ашушандығын, жеке басына, қоршаған ортаға көзқарасын, психикалық саулығын зерттеу бойынша сауалнама алынды. Сауалнаманың нәтижесі бойынша оқушыларда психологтың көмегі қажет ететіні байқалмады. Сонымен қатар «Бес терек» жобасы аясында 5-11 сынып оқушылары арасында «Үй, адам, ағаш» проективті әдісі (ДДЧ) жүргізілді. Әдістеменің нәтижесі бойынша жасыл -81, сары-45, қызыл -1, ТТ –қа 25 оқушы алынды.



3 «А,Б» сынып оқушыларымен «Кактус» әдістемесі жүргізілді. Әдістеменің нәтижесі бойынша 5 оқушы психологтың көмегіне қажет екенін байқады. Үш оқушы тізімге алынып, оқушылармен «Сезімді атаймыз», «Түзету» жаттығулары жүргізілді. 4 «А,Б» сынып оқушылары мен «Кактус» әдістемесі жүргізілді. Әдістеменің нәтижесі бойынша 4 оқушы тізімге алынды. Бұл оқушы туралы сынып жетекшісіне мәлімет беріліп, үнемі баланың отбасымен байланыста болуы айтылды. 8- оқушы қорқынышы, ашушандығы барлығы анықталып, тәуекел тобына алынып, бұл оқушылармен алда түзету дамыту жұмыстары жүргізілетін болады.



Дарынды балалардың шығармашылық қабілетін анықтау мақсатында қазан айында С.Медик тестін пайдалану арқылы тұлғаның сөйлеу шығармашылық деңгейін анықталды. 5-11 сынып арасында шығармашылық деңгейі жоғары дәрежеде көрсеткен 10 оқушы анықталды.



Үлгерімі төмен оқушылардан «Сен мектептеке не үшін келесің?» атты сауалнама алынды. Сауалнаманың қорытындысы бойынша оқушылардың қызығушылығын арттыру және білім сапасын көтеруде қызықты әдіс-тәсілдерді пайдалану, оқушылармен қосымша сабақ өту керектігі анықталды. Әлімжеттік пен аутодеструкцияның алдын алу «Буллинг, моббинг» бойынша

5-11 сынып оқушылары арасында зорлық-зомбылық көріп, болмаса әлімжеттік көрсетіп жүрген оқушылардан «Құқық бұзушылықтың» алдын алу мақсатында сауалнама жүргізілді. Діни ағымдағы кітаптарды оқыған ұнайма? -100 % жоқ. Нәтижесінде құқықбұзушылыққа бейім ешқандай оқушы анықталмады.

Қараша айында 2 «А,Ә,Б» сыныптарымен «Геометриялық фигуралар» әдісі жүргізілді. Әдістеменің нәтижесі бойынша, оқушылардың барлығы, суретте көрсетілген фигураларды анықтап, сәйкес фигураның санын көрсете алды. 4 «АБ» сынып оқушыларымен «Арқан жаттығуы» тренингі жүргізілді. Тренинг оқушыларға өте ұнады, қызық өтті. Оқушылардың барлығы белсенді қатысты.

Консультациялық бағыт

Педагогика- психологияға бағытталған консультациялық бағыт бойынша Аутодеструктивті мінез құлық дегеніміз не? тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Жалғыздыққа ұмытылған оқушылармен жеке әңгіме өткізіп және оларға ең маңыздысы өмір екенін түсіндіріп, олардың өмірге деген қызығушылықтарын арттыру үшін керекті кеңестер алды.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Тунгушбаева мектеп медбикесі Тажибаева Азизамен бірлесе отырып «Бүгінгі – қыз, ертеңгі – ана» тақырыбында ерте жүктіліктің алдын алу, жыныстық тиіспеушілік бойынша алдын алу жұмыстары жүргізілді. Оқушылармен сұхбат



1. Ағартушылық-профилактикалық бағыт

Оқушылар туралы мәліметтер жинақтау сыныпқа диагностикалық карта мінездеме толтырылды. «Бес терек» жобасы бойынша 5-11 сынып оқушыларына әлеуметтік педагог, сынып жетекші, медбике, инспектор берген мәліметтері бойынша әр сыныпқа жиындық кесте жасалынды. Қазан айында. Кабинеттік талдау мен далалық зерттеу бойынша.

Қортынды: 5-11 сыныптар арасында далалық зерттеу нәтижесі бойынша 261 оқушы қатыстып 25 оқушы тәуекел тобына алынды. Әр бір тәрбие одағындағы мүшелеріне далалық зерттеу жұмыстарының нәтижесі таныстырылып өтілді. Бұл оқушыларға тәрбие одағымен бірлесе отырып жеке жоспар құрылып жыл бойы бұл оқушылармен бес бағыт бойынша жұмыс жүргізілетін болады.

Әлімжеттік пен аутодеструкцияның алдын алу бойынша «Буллинг, моббинг» Семинар-практикум. Оқушыларға Қазақстанда салауатты өмір салтына қол жеткізуде, денсаулықты сақтау мен нығайтудағы басты міндеттің бірі-бала құқығын қорғау, зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жүргізу екендігін түсіндірілді.

«Ата –аналарды педагогикалық қолдау» орталығы жүйелі жұмыс жүргізілуде. «Отбасы-бақыт мекені» тақырыпнда –сынып ата-аналарына кеңестер берілді.



1. Түзету –дамытушылық бағыт

5«Б» сыныптарына педагогика-психологияға бағытталған түзету-дамыту бағыт бойынша жұмыс жүргізілді. «Мен және менің ортам» тақырыбында тренинг сабақ жүргізілді. Қортындылай келе 5 сынып

видеороликтер арқылы ағартушылық бағыт бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқушылар өздеріге керекті кеңестерді алды.

Ата-аналарға жеткеншек жасындағы балалармен арақатынастарындағы қиындықтар бойынша кеңес беру. Бастауыш сынып оқушыларында жиі кездесетін қиындықтар мектепшілік қарым-қатынаспен байланысты Қазан айында «Бес терек» жобасы бойынша жоғары буын оқушыларының далалық зерттеу жұмысына қатысты ата-аналар, және сынып жетекшілерге кеңес берілді. Сауалнама және эссе қортындысы бойынша «Менің отбасым», «Менің ең жақын досым», «Менің арманым» әдістемесінде қобалжу, мазасыздану деңгейін жоғары нәтижеде көрсеткен 11 оқушы. Жыл бойында түзету дамыту жаттығулары, ойын тренингтері жүргізіліп осы оқушылардың ата-аналарына және де, сынып жетекшілеріне кеңестер берелді. Қазан айында Отбасында қиындықтары бар балалардың ата-аналарымен әңімелесу. 9 сынып оқушысы Латипжанов Аслиддиннің ата-анасымен жеке сұхбат жүргізілді. Бұл ата-анаға, баласының белгілеген сауалнамасының нәтижесі таныстырылып керекті кеңестер берілді.



4 «А,Б» сынып оқушыларымен «Менің сүйікті пәндерім» тақырыбында диагностика жүргізілді. Қатысқан оқушылар саны: 37. Оқушылар арасында басқа пәндерді жақтырмаушылық көзбен қарайтын оқушылар байқалмады, барлық оқушылар өз жастарына сай ерекше қызығатын пәндерін көрсетіп берді. Қараша айында қарым-қатынаста қиындығы бар балалармен жұмыс жасау бойынша кеңес беру ата-аналар мен ұстаздарға. Өмірде бір-біріне мейірімді сөз қажетті екендігін білді мейірімді сөз арқылы адамның эмоциялық күйінің жақсы болуында мейірімді сөздің орыны бар екені туралы ата-аналар мен ұстаздар кеңестер алды.

Жыныстық тәрбие қыздар және ұлдар клубтармен жұмыстарды алып бару барысында 7-11 сынып қыздарына кеңестер берілді. Қыздар Ерте жүктіліктің ертеңі қандай? болатындығы жөнінде және оның алдын алу үшін не істеуге болатындығы жөнінде кеңестер алды.

0«А» сынып оқушылары мен «Кел, балалар,ойнайық» тренинг өткізілді. **Мақсаты:** Балалардың бір-бірімен және ересекпен өзара қарым – қатынас жасауы, жағымды хал-ахуал қалыптастыру.Тренинг барысында оқушылар бір-біріне түсіністікпен қарау керек екендігін түсінді. Желтоқсан айында қарым-қатынаста қиындығы бар балалармен жұмыс жасау бойынша кеңес беру ата-аналар мен ұстаздарға. Өмірде бір- біріне мейірімді сөз қажетті екендігін білді мейірімді сөз арқылы адамның эмоциялық күйінің жақсы болуында мейірімді сөздің орыны бар екені туралы ата-аналар мен ұстаздар кеңестер алды.



2. Түзету –дамытушылық бағыт

5«А», 5«Б» сыныптарына педагогика-психологияға бағытталған түзету-дамыту бағыт бойынша жұмыс жүргізілді. «Мен және менің ортам» тақырыбында тренинг сабақ жүргізілді. Қортындылай келе 5 сынып оқушылары бұл тренингтер арқылы дамуы, одан әрі қалыптасуы, үнемі дамып отырады. Оқушылардың орта буынға көшкендігі психикалық ерекшеліктерінің дұрыс қалыптасуының, ұстаздарға жеңіл бейімделуге, оңай тіл табысуга үйренді.



«Бес терек» жобасы бойынша 5-11 сыныптарына түзету-дамыту, сауықтыру жұмыстары ұйымдастырылды. «Мен өмірді сүйемін» тренинг

оқушылары бұл тренингтер арқылы дамуы, одан әрі қалыптасуы, үнемі дамып отырады. Оқушылардың орта буынға көшкендігі психикалық ерекшеліктерінің дұрыс қалыптасуының, ұстаздарға жеңіл бейімделуге, оңай тіл абысуга үйренді.

«Бес терек» жобасы бойынша 5-11 сыныптарына түзету-дамыту, сауықтыру жұмыстары ұйымдастырылды. «Мен өмірді сүйемін» тренинг жаттығулары, Мен өмірге күштармын туралы видеороликтер көрсету, «Мен ғажайыппын» тренинг сауықтыру ойындары ұйымдастырылды. Қортындылай «Бес терек» жобасы бойынша 5-11 сынып оқушыларына түзету-дамыту, сауықтыру жұмыстары ұйымдастырылды апта сайын жоспарға сай әр бір сыныптарта түрлі жаттығулар ойындар тренингтер сауықтыру ойындары ұйымдастырылып жаттығу ойындар өз денгейінде жүргізіліп оқушылар өздерінің алған әсерлерімен бөлісті.

Орта буын оқушыларының далалық зерттеу жұмысына қатысты алдын алу жұмыстарын ұйымдастырылды. «Мен өмірге күштармын» атты психологиялық тренинг өтілді түрлі жаттығулар, ойындар ұйымдастыру арқылы оқушыларның өмірге деген қызығушылығы арта түсті. «Бес терек» жобасы бойынша 3-күндік оқыту семинарында берілген әдістемелерді қолдану және іске асыру бойынша Тәуекел тобындағы оқушылармен «Мен кімін» әдістемесі жүргізіліп, зерттелді. Оқушылар өздерінің ойындағы «Мен кіммен» екенін осы әдіс арқылы түсінді.

Жоғары буын оқушыларының далалық зерттеу жұмысына қатысты алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында «Мен мейрімді адаммын» атты тренинг сабақ өтілді. Нәтижесінде біраз сергіп алдық оқушылардың көңілкүйлері көтеріліп, достық сезімдері және мейрімділіктері байқалды.

«Тәуекел тобымен» мазасыздану, қобалжуға қарсы Мен өмірге күштармын, «Мен әлсіз мықтымын», Мен өз қорқынышымды жеңе аламын жаттығулары жүргізіліп мазасыздану дәрежесі күшті 3 оқушы керекті кеңестер алды.

8-9 сынып оқушыларына Қорқынышты болдырмау және өзіне деген сенімділікті арттыруға арналған сабақ тренинг өтілді. **Нәтижесі:** Қандай жағдай болсада әр бір адам өзіне сенімді, болуға, қорқынышқа жеңілмеуге, мен күштімін деп жақсылыққа қарай ұмтылуы керектігі айтып өтілді.

1. Әлеуметтік-диспетчерлік бағыт

Әлеуметтік -диспетчерлік бағыт бойынша қыркүйектен қаңтар айына дейін ата-ана, мұғалімдер оқушылардан түскен сұраныстар бойынша жұмыс жасалынып келді. Бұл хаттардың бәрі құттықтауға арналғандығы анықталды. Қараша айында «Бес терек» жобасы бойынша Орта буын, жоғары буын оқушыларының отбасыларының психологиялық ахуалы бойынша ата-ана және мұғалімдерге кеңес берілді.

Ұсыныс: Ата-анаға қызымен көбірек пікір алысу, кімдер, мен араласады, кімдер мен дос болғандығы туралы білу, және қызының көңіліне қарау туралы ұсынылды.



5-9 сыныптармен «Біз- буллингке қарсымыз» тренинг жүргізілді. Мақсаты: топтың эмоционалдық жағдайын, топ мүшелерінің бір-бірімен қарым-қатынасын жақсарту.

Барысы: Жүргізуші топ мүшелеріне жануарлардың атауы жазылған карточкалар таратады. Олар оны ешкімге көрсетпеулері керек. Бір минуттан соң топ мүшелері көздерін жауып, осы жануар сияқты дыбыс шығарады. Солайша әркім өзі сияқты жануарды тауып, топ - топпен жиналу керек. Жүргізуші команда бермейінше көздерін ашпайды. Қай топ бірінші болып, қатесіз жиналады, сол топ жеңіске жетеді.

4-9 сыныптармен ББЖМ-ға байланысты жүргізілген стресс тесті алынды. Мақсаты: ББЖМ-ға байланысты оқушыларда күйзелісті болдырмау

« Мен өзіме сенемін» психологиялық тренингі 11 сынып оқушыларымен жүргізілді.

Психологиялық тренинг мақсаты:

Оқушыға өз өмірінің субъектісі екеніне көзін жеткізуге көмек жасау. Сонымен қатар ҰБТ-ны тапсыру кезінде барынша толық өз мүмкіндігін іске асыру. Біздің қолдауды қажет ететін оқушыларды табу: үздіктер және ҰБТ-ға дайындық кезінде белгілі бір қиындықта, түлектерге жағымды психоэмоционалды күйіне жетуге тиімді жағдай тудыру.



Педагогика-психологияға бағытталған психодиагностикалық жұмыс жүргізілді. Жұмыстың тақырыбы: «Өз агрессияңды басқара аласыңба?»

Жұмыстың мақсаты: Оқушылардың бойындағы агрессия деңгейін анықтау, эмоцияға берілгіштігін зерттеу. **Бағалау нәтижесі және қорытынды:** Зерттеу нәтижесіне сәйкес 9 «Б» сынып оқушылары арасынан агрессивтілік

жаттығулары, Мен өмірге күштарлық туралы видеороликтер көрсету, «Мен гажайыппын» тренинг сауықтыру ойындары ұымдастырылды. Қортындылай «Бес терек» жобасы бойынша 5-11 сынып оқушыларына түзету-дамыту, сауықтыру жұмыстары ұйымдастырылды апта сайын жоспарға сай әр бір сыныптарға түрлі жаттығулар ойындар тренингтер сауықтыру ойындары ұйымдастырылып жаттығу ойындар өз денсейінде жүргізіліп оқушылар өздерінің алған әсерлерімен бөлісті.

Қарым-қатынаста қиындығы бар балалармен «Жағымды қарым-қатынас құру» бойынша тренинг өтілді. Тренингке 4 оқушы қатысты. Бұл жаттығу бойынша, оқушылар бір-біріне мейрімді сөздер айтып, эмоциялық көңіл күйін жақсартты, жаттығу соңында оқушыларда бір-біріне деген мейрімділігі сенімділігі арта түсті. Орта буын оқушыларының далалық зерттеу жұмысына қатысты алдын алу жұмыстарын ұйымдастырылды. «Мен өмірге күштармын» атты психологиялық тренинг өтілді түрлі жаттығулар, ойындар ұйымдастыру арқылы оқушыларның өмірге деген қызығушылығы арта түсті.

Жоғары буын оқушыларының далалық зерттеу жұмысына қатысты алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында «Мен мейрімді адаммын» атты тренинг сабақ өтілді. Нәтижесінде біраз сергіп алдық оқушылардың көңіл-күйлері көтеріліп, достық сезімдері және мейрімділіктері байқалды.

«Тәуекел тобымен» мазасыздану, қобалжуға қарсы «Мен өмірге күштармын», «Мен әлсіз мықтымын», мен өз қорқынышымды жеңе аламын жаттығулары жүргізіліп мазасыздану дәрежесі күшті 3 оқушы керекті кеңестер алды.

8-9 сынып оқушыларына қорқынышты болдырмау және өзіне деген сенімділікті арттыруға арналған сабақ тренинг өтілді.

Нәтижесі: Қандай жағдай болсада әр бір адам өзіне сенімді, болуға, қорқынышқа жеңілмеуге, мен күштімін деп жақсылыққа қарай ұмтылуы керектігі айтып өтілді.

9-11 –сынып оқушылармен кәсіптік бағыт бағдар беру шарасы өткізілді.



7-8 сынып оқушыларымен Ашудан қалай құтылуға болады? тақырыпында тренинг жүргізілді.

Мақсаты: Оқушыларды өз ашуын басқаруға және эмоциялық тепе-теңдігін сақтап,өзін-өзі реттей білу дағдыларын қалыптастыруға үйрету.

деңгейі жоғары оқушылар анықталды. Жеке жұмыстар жүргізілу үшін тізімі жасақталды. Сондай-ақ топпен түзету-дамыту жұмысы жоспарланды.



Қаңтар айында 9-11 сынып оқушыларымен «Діни экстремизм мен терроризм - әлемге төнген қауіп» тренинг сабақ жүргізілді.

Мақсаты: а) Оқушыларға экстремизм, терроризм туралы терең түсінік беру.



6 сыныппен «Менің досым» тақырыпында тренинг жүргізілді.



Жұмыстың тақырыбы: «Айзенк» тесті

Жұмыстың мақсаты: Бұл сауалнама оқушының психикалық күйін мойындау немесе жоққа шығаруға мүмкіндік береді, сонымен қатар қобалжу, фрустрация, агрессия және регидтілік деңгейлерін анықтауға мүмкіндік береді.

Қатысқан оқушы саны: 57

Қорытынды: «Айзенк» әдістемесі арқылы 9 сынып оқушыларының психикалық күйін мойындау немесе жокқа шығаруға мүмкіндік береді, сонымен қатар қобалжу, фрустрация, агрессия және регидтілік деңгейлерін анықтадық. Зерттеу нәтижесінде қобалжу, агрессиясы басым оқушылармен түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді.

Ұсыныс:

- Қобалжуы басым оқушылардың себептері анықталып, жеке кеңеске шақырылсын.
- Агрессиясы басым оқушылармен түзету-дамыту жұмыстары жүргізілсін.

11 сынып «ҰБТ алдындағы аутодеструктивті мінез-құлық»

“ Мен өмірге нық басам “ тақырыпында тренинг жүргізілді.

Мақсаты: Жасөспірімдердің өздеріне деген сенімділіктерін арттыру, өз мүмкіндіктерін анықтап, қоғаммен және өзара қарым-қатынасындағы жарасымды мінез ерекшеліктері мен сенімді мінез-құлықтарын қалыптастыру. **7-сыныптармен :** «Мені күтіп тұрған болашақ» тақырыпында тренинг жүргізілді.

Мақсаты: Өзінің қайталанбас тұлға екенін сезіндіру. Адам бойындағы жақсы қасиеттерді көру, адами құндылықтарын бағалау. Бір- бірімен қарым-қатынастарын жақсарту, оларды адамгершілікке, мейірімділікке тәрбиелеу өз-өзіне сенімділігін арттыру. “Мен тұжырымдамасына” саналы түрде көңіл бөлу. Жасөспірімдер арасындағы мазасыздық деңгейлерін азайту, мақсатқа ұмтыла білуге үйрету. Өзін-өзі тану, тұлғалық даму тәсілдерін таба білу, көңіл-күйді және эмоцияны реттеу; байланыс және өзара әрекеттесу мүмкіндігін қамтамасыз ету.



Жоспарға сай оқушылардың мамандық таңдауына байланысты «Голланд», «Касптігік бағдар» тесті алынды. **Мақсаты:** Мамандық таңдауда жауапкершілікті қалыптастыру, психологиялық дайындығы мен қиындықтан шығу шеберлігін шыңдау.

9-сыныптармен ББЖМ-ға дайындық бойынша тренинг жүргізілді.

«Жүйкелік психологиялық күштеуден, катаюдан арылту. Стрестен қалай арылуға болады».

Мақсаты: Оқушылардың ББЖМ дайындығына анықтаулар жүргізу, кездескен қиыншылықтарды психологиялық тұрғыда болдырмау.



11-сынып оқушыларымен «Емтихандағы мінез-құлық» тақырыпта тренинг сабақ жүргізілді.

Мақсаты: Оқушылардың емтиханға дайындық кезіндегі сенімділігін, мінез-құлық, эмоциялық ерік **Сынып/группасы:** 11 сфера дағдысын психологиялық тұрғыда қалыптастыру сынып оқушылары. 3 «А» сынып оқушыларымен «Менің сүйікті ұстазым» тақырыпында эссе алынды.

Мақсаты: Мұғалімдермен оқушылар арасындағы байланысты анықтау.



3 «АБ» сыныптарымен сұхбат жүргізілді.

Мақсаты: Оқушылардың көңіл-күйін қадағалау

4 «АБӘ» сыныптарының сабақтарына еніп көңіл-күйлері қадағаланды.

Мақсаты: : Оқушылардың көңіл-күйін қадағалау

9 «А» сынып оқушыларымен қорқынышты болдырмау өзіне деген сенімділікті арттыруға арналған сабақтар жүргізілді.



6 «Б», 2 «Ә», 2 «Б», 3 «Б» сыныптарға сабақтарға еніп оқушылардың көңіл-күйі қадағаланды.

1 «АБӘ» сыныптарының сабақтарына еніп көңіл-күйлері қадағаланды.

Мақсаты: Оқушылардың көңіл-күйін қадағалау, сұраныстар бойынша сынып жетекшілер жеке кеңес алды.

Мақсаты: тәуекел топтағы оқушыларды үнемі бақылау, сұраныстар бойынша сынып жетекшілер жеке кеңес алды.

6-9 «АБ» сыныптарымен «Лудомания» туралы сұхбат жүргізілді.



Мақсаты: Оқушыларға ойынқұмарлық туралы мәлімет беру.

Мақсаты: Оқушыларға ойынқұмарлық туралы мәлімет беру.

3 «А» сынып оқушыларының математика сабағына ендім.

Мақсаты: Оқушылардың сабақтағы көңіл күйін қадағалау.

6 «Б» сынып оқушыларымен «Мандала» терапиясы жүргізілді.

Мақсаты: .Баланың іс-әрекетін реттеу;



Педагог – психолог:  М.Адилова